



# ШЫҒАРМА- ШЫЛ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕ ИННОВАЦИЯ- ЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ- ЛАРДЫ ҚОЛДАНУ- УАҚЫТ ТАЛАБЫ

МРНТИ 14.07.09

Қ.Ж.Тулақбаева<sup>1</sup>, М.М.Мағзумов<sup>2</sup>  
<sup>1,2</sup>Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық  
өнер академиясы,  
Алматы, Қазақстан

## ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ-УАҚЫТ ТАЛАБЫ

### Аңдатпа.

Әлемдік деңгейде білім берудің басты бағыттарының бірі- білім мазмұнына қатысты жаңаша көзқарас пен жаңа білім беру жүйесін қалыптастыру, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, саналы тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңарту болып табылады. Студенттерді нәтижелі оқытуға қол жеткізу жолында түрлі жаңа әдіс-тәсілдерге ізденістердің болуы заңды. Сондай-ақ, оқытушы барлық пайдалы оқыту түрлерінен бас тартпай, жаңа жүйеге бағыттап, студенттің өзін-өзі шығармашылық қырынан дамып, өз қолтаңбасын табуына ықпал жасауға бағыттау дұрыс білім беру болып табылады.

**Түйін сөздер:** жаңа жүйе, жаңа идеялар, кәсіби даму, шығармашылық ізденістер, жаңа технология.

### Кіріспе

Қолөнер-ежелден келе жатқан кәсіп. Оның өсу жолы, өзіне тән даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан басталады. Оған Қазақстан жерінде бұрын-соңды жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталған ежелгі мәдениеттің үлгілері дәлел бола алады [5.126]. Қолөнер- дүние жүзі халқының тарихи дамуының, тұрмысының, эстетикалық талғамының

өшпес ізі, куәсі.

Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын тұтыну бұйымдары мен жабдықтардың сапасына қатты талап қойып, олардың әрі ұнамды, әрі сәнді болуын қалайды. Халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға лайықты, сапа, түр беру әдісі ілгерілей бермек. Оған дәлел, қолөнер элементтерінің заманауи үй интерьерінде, киім дизайнында,

сәндеу жұмыстарына көп қолданып жүргендігінде. Оның орындалу технологиясына да ерекшеліктер енгізіп отыр. Осыған орай, қолөнерді оқыту саласында инновациялық технологияларды қолдану - басты мәселеге айналған. Қазіргі таңдағы әлемдік ғылым мен білім беру саласындағы жетістіктерге негізделген жаңа жүйе еліміздің білім беру саласына терең енгізіліп отыр. Бұл өзгерістер өз кезегінде болашақ интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың кепілі болмақ. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында білім беруді инновацияландыруға жаңа талапқа сай дамыту мәселесі негізге алынып отыр. Елімізде жүріп жатқан білім саласындағы түбегейлі өзгерістер мемлекет болашағын қолына сеніп тапсыратын жастардың сапалы білім алуы міндетін өз мойнына жүктеген оқытушылар үшін үлкен жауапкершілікті талап етуде.

Бүгінгі мемлекет тарапынан оқытушылардың біліктілігін арттыру мәселесіне ерекше назар аударылып келеді. Осыған орай, өзім қызмет ететін Өнер ордасы - Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясында қолға алынып отырған негізгі міндеттің бірі. Мәселен, айта кетер болсақ, «Сәндік-қолданбалы өнер» кафедрасынан оқытушыларды Ресей мемлекетінің Екатеринбург қаласына Урал Мемлекеттік Архитектуралық-көркемсурет академиясының «Сәндік-қолданбалы өнер» кафедрасына тәжірибе алмасу мақсатымен, осы кафедраның меңгерушісі, профессор Р.Е.Базарбаева мен оқытушы Қ.Ж.Тулақбаева барып қайтты. «Көркем тоқыма» мамандандыруы бойынша көптеген әдіс-тәсілдермен, тәжірибемен бөлісіп, жақсы мәліметтер

жинап, шығармашылық жақсы әсер алды. Нәтижесінде, жаңа идеялар мен жаңа жүйелермен жұмыс жасауға негіз болды. Қазіргі қолға алынып отырған бағдарламаның негізгі мақсаты - оқыту үдерісіне жаңа әдіс-тәсілдер қолдану арқылы жұмыс жасау. Бағдарламаның басты мақсаты - тәжірибелік пәндерге жаңа әдіс-тәсілдер, жаңа өзгерістер енгізу болып табылады. Себебі, осы бағдарлама бойынша оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді тиімді қолдана отырып, шығармашылық ізденістері мен қызығушылықтары артып, сонымен қатар бұл әрекет оқытушылардың кәсіби дағдыларын шыңдай түседі. Оқытуда өзгеріске жетелейтін, оқыту сапасын жақсартуға ықпал ететін бұл бағдарлама оқытушының кәсіби шеберліктерін шыңдап қана қоймай, білім сапасының нәтижесіне ықпал ете отырып, студенттердің ілгері дамуына да әсер етеді. Білім беруді жаңарту үнемі алға қарай ұмтылу мен даму үдерісі, білім беруде кезең-кезеңімен өтетін және алынған нәтижелерге бағытталған өзгерістер енгізіледі. Студент пен оқытушылар арасында жұмыс талқыланып, сыни тұрғыда айтылған кемшіліктерді өзгертуге ұсыныстар айтылады. Осылайша оқытушы тапсырманы жан-жақты түсіндіруімен қатар, студенттердің кейбір мәселелерді өз бетімен ізденуі нәтижесінде жаңаша бір әдіс-тәсіл ойлап табуына мүмкіндік жасалады. Еліміздің болашағы жастардың білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Қазіргі заманғы білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналды. Білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушы шеберлігін, кәсіптік,

рухани келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Дәл қазір сапалы білім беруде жетекші тұлға оқытушы ғана емес, студенттің де өз мақсаты мен міндетін терең түсініп, білім сапасын арттыруға өз үлесін қосуы маңызды.

### **Әдістер**

Қолөнер – бірнеше ғылымдардың дамуынан пайда болған өнер туындысы. Әлемдік тұжырымдаулар бойынша сапалы және табысты оқытуды екі тәсіл арқылы анықтауға болады екен. Біріншісі- оқытушыны оқытушылық қызметіне қарап емес, студенттердің жетістігі, жұмысының нәтижесі арқылы. Екіншісі- оқыту шеберлігінің шын мәнінде қаншалықты дәрежеде екенін саралап білу арқылы анықтауға болады екен.

Сапалы және табысты оқыту үшін бүгінгі күні оқытушыларға мынадай талаптар қойылып отыр:

Оқыту мен зерттеуге бар ынта-жігерін салып, белсенді жұмыс істейтін және студенттің кәсіби өсуіне ықпал ететін, дұрыс бағдар беретін ;

Оқытудың мақсаты мен пән тапсырмаларының нәтижелі, де табысты өту өлшемдерін, берілген тапсырмаларға жаңа идеялар ұсынатын, студенттердің бойындағы шығармашылық қабілеттерін оятуға түрткі болатын оқытушылар болуы тиіс.

Студенттің шығармашылыққа құштарлығын арттырып, өзін-өзі дамытып, ізденуге баули отырып, тұлғалық негізінің ашылуына жол ашатын – ұстаз.

Оқытушы қызметіндегі маңызды дүние- жекелеген студенттердің берілген тапсырманы орындау ерекшелігін, ойлау қабілеттерін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс

жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай-ақ кейбір студенттердің тапсырманы өзінше бірегей тәсілдермен орындай алатынын ескеру. Студенттің өзіндік жеке ойлауын қалыптастыра отырып, шығармашылық талантарын жан-жақты ашып көрсету және студенттің жаңаша тұрғыда ойлау қабілеттерін дамытып, жұмысты материалда орындауда тиімді әдістерді пайдалану болып табылады. Сондықтан студенттердің танымдық, шығармашылық белсенділіктерін арттыру , ынталандыру мақсатында түрлі көрмелер мен сайстарға қатыстырып, арнайы сыйлықтар мен марапаттаулар ұйымдастырылып отырады. Сабақ беру барысында оқытушы мен студенттің белгіленген мақсатқа жетуіне бағытталған, оқу жоспары бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Сонымен қатар оқытушылардың жемісті білім беруіне өзара тәжірибе алмасудың да маңызы зор. Ол үшін жаңа әдістерді қолданудың тиімді жақтарын талқылап, оқу жоспарына енгізетін тәжірибелік пәндерде қолданылатын әдіс-тәсілдерді саралап, пікір алмасып отыру қажет деп есептеймін. Біліктілікті көтеру дәрістеріне қатысып, жаңа заманауи тәсілдерді меңгеріп, сол бағытта жұмыс жасауына бағыттаудан үлкен жетістіктерге жетуге болады. Осы мақсатта, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясына мамандар шақыртылып, семинарлар өткізілуде. Халықаралық талаптарға сай білім беру стандарттары қадағаланып, пысықталып, бәсекелестікке қабілетті мамандар тәрбиелеп шығаруда оқытушыларға талаптар күшейтілуде.

### **Нәтижелер**

Білім беру мазмұнының жаңару жағдайы, өзім жұмыс істейтін Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер

академиясында оқытудың жаңа әдістерін меңгертумен, шеберліктің шыңдалуымен, заманауи шикізатты тәжірибелік жұмыстарда үйлестіре қолданумен өлшенеді. Студент қаншалықты білімді, шығармашыл болса, соғұрлым оның жұмысы да келешекте сұранысқа ие, қолданыс аясы кең болары сөзсіз. Қолөнер кәсібі еліміздің экономикасын, мәдениетін көтеруге ықпал етеді. Қазақ халқының қолөнері – әлем халықтарына мақтанышпен көрсетіп жүрген көрмелерде жоғары бағалануда. Осы салада С.С.Бапанова, Р.Е.Базарбаева сынды өз ісінің майталмандары өз шәкірттеріне дәстүрлі өнер мен жаңаша инновациялық технологияларды ұштастыра, өнерді жаңартып, жаңғыртып заманауи туынды жасатып, болашақ мамандарға дұрыс бағыт беріп,

өнердің алға жылжуына себепші болып жүргендіктерін көрсетуде. Осы аталмыш кафедрада қызмет еткен зергерлік істің белгілі шебері С.Баширов та көп еңбегін сіңірді. Шәкірттерін дұрыс жолға салып, өз мамандықтары бойынша әрі қарай еңбектенуге, өнердің шыңына шығу жолында ізденуге, қайталанбас туындыларды дүниеге әкелуге жол көрсете алды. Осыған орай, айта кетер болсам, аталмыш оқу орнында оқып жүрген студенттер, оқуды бітірген түлектеріміз түрлі сайыс, байқаулардан жүлделі орындар алып жүр. Сөзіміз дәлелді болуы үшін «Сәндік-қолданбалы өнер» кафедрасы, «Металды көркемдеп өңдеу» мамандандыруының түлектері: А.М.Есенғазиев, Б.Жетпісалиевтің жүлделі орындарға ие болған жұмыстарын ұсынып отырмын (1,2,3,4,5,6,7 сурет).



1,2 сурет. А.М.Есенғазиевтің «Шабьт» XVIII халықаралық шығармашылық жастар фестиваліне арнайы жасаған жұмысы. 2015 жыл, Астана қаласы.



3,4 сурет. А.М.Есенғазиевтің «Шебер» VII – Қазақстан қолөнер шеберлері байқауының, «Дарынды бастау» номинациясына арнап жасаған жұмысы. 2015 жыл, Алматы қаласы.





5,6,7 сурет. Б.Жетпісалиевтің «Шабьт» XX халықаралық шығармашылық жастар фестивалінде, «Бейнелеу өнері» (колданбалы өнер) номинациясына арнайы жасаған жұмысы. 2017жыл, Астана қаласы.

## **Дискуссия**

Ұлттық мұрамыз- қолөнердің дәстүрлі және заманауи түрлерінің арасында табиғи байланыс бар. Осыған байланысты Қазақстан мәдениетінің алдында екі іргелі міндет тұр: қазақы мәдениеттің өзіндік келбетін сақтап қалу және көркемдік кеңістік пен уақыт ырғағында қалыптасқан дәстүрлі өнердің негізінде оның даму сапасына игі әсер ету [4.265 б.]. Шеберліктің негізгі көрсеткішінің бірі - өзіміздің дәстүрлі өнерімізді білу, содан кейін заманауи жаңалықтар мен озық алдыңғы қатарлы тәжірибені жетік игеру. Өнер ордасы-Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы «Сәндік қолданбалы өнер» кафедрасының мамандандырулары: «Металлды көркемдеп өңдеу», «Ағашты көркемдеп өңдеу» мамандандырулары бойынша осы дәстүрлі қолөнерді жалғастырушы «Дәстүрлі тоқыма», «Зергерлік іс», «Дәстүрлі шеберліктің технологиясы» атты пәндер жүргізілуде. Дәстүрлі өнерімізді жалғастырушы – Қазақстан Республикасына Еңбегі сіңген өнер қайраткерлері: С.С.Бапанова мен Е.С.Даубаев дәріс беретін пәндерден тәлімгерлердің алар білімі ұшан-теңіз. «Ағашты көркемдеп өңдеу»мамандандыруының оқытушысы, қолөнер шебері М.М.Мағзумовтың да берер тәжірибесі мол. Заманымыздың алға жылжуына орай, халықтың қолөнері де дами түсері сөзсіз. Бүгінгі таңда педагогикалық ұжымның мақсаты мен міндеті- дәстүрлі тәсілдермен сабақтастыра отырып дәріс беру сапасын көтеру, оның түрлерін жетілдірудің жолдарын іздеу, дамыту.

Әрбір ұстаздың тәлімгерінің ерекше қолтаңбасы, белгісі туындысында көрсетіліп отыруы қажет.

Оқыту барысының дұрыс жүргізілуіне оқытушының әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімдісін студенттің мүмкіндігіне және жағдайларына қарай таңдап алу да ізденістен жүзеге асатын шара болмақ. Білім ордасының ұстаздарына талабы таудай дарынды жеке тұлғаны дамыту, қалыптастыру жолында талмай еңбек етуге жетелейді, жауапкершілігін арттырады. Үлкен үміт пен нәтиже күтеді.

### **Қорытынды**

Мәдени мұрамыз – қазақ сәндік қолданбалы өнерінің тек үй тұрмысында, халық шаруашылығында тәжірибе жүзінде ғана қолданбай, оның көлемінің кең екендігін дәлелдейтін уақыт келді. Атадан мирас болған мәдени құндылықты сақтап, дамытып, өшпес мұраға айналдырып, болашақ жас ұрпаққа қалдыру ұстаздық міндет, мемлекеттік іс. Студенттердің әрқайсысының тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету әр оқытушының міндеті. Жаңа технологияларды қолдана отырып, заманауи туынды жасап, өз қолтаңбасын қалыптастырып, ата дәстүрімізді жаңа қырынан мойындату алға қойған мақсат болуы керек. Оқу орнында өз мамандығы бойынша бәсекелестікке сай мамандар даярлануда, одан әрі де осы бағыт бойынша еңбек ету жүзеге аса бермек. Осылайша мәдени мұра одан әрі жалғасын тауып жаңа бағытқа бетбұрыс жасап, дами бермек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Өнер, 1987. –126 б.
2. Байжігітов Б.Қазақтың қолөнері тарихы: қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік. – Алматы: Экономика, 2012–265 б.
3. Жәнібеков Ө. Қазақ қолөнерінің мәдениеті. – Алматы: Өнер, 1982. –120 б.

**Тулакбаева К.Ж., Магзумов М.М.**

Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова  
Алматы, Казахстан

## **ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ – ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ ТВОРЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ**

### **Абстракт**

Одним из основных направлений в создании системы образования мирового уровня является новые подходы к содержанию и методам обучения, способствующие формированию коммуникативных навыков и умений у будущих конкурентоспособных, творческих личностей.

Для достижения эффективного обучения студентов «поиск новых методов» является законом. Цель состоит в том, чтобы обеспечить правильное преподавание по новой системе. А это значит не отказываться от всех полезных форм обучения, а также развивать студента творчество и направлять на создание собственного почерка.

**Ключевые слова:** новые системы, новые идеи, профессиональное развитие, творческий поиск, новые технологии.

**K.Zh. Tulakbayeva, M.M. Magzumov**

T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts,  
Almaty, Kazakstan

## **THE REQUIREMENT OF TIME - THE USE OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING THE CREATIVE PERSONALITY**

### **Abstract**

One of the main directions in the creation of a world-class education system is the new approaches to the content and methods of teaching that contribute to the formation of communicative skills and abilities in future competitive, creative personalities. To achieve effective student learning, "the search for new methods" is rool. The goal is to ensure correct teaching on the new system. And this means not to give up all useful forms of education, but also to develop the student's creativity and direct them to create their own handwriting.

**Keywords:** new systems, new ideas, professional development, creative search, new technologies.

**Сведения об авторе:** Тулакбаева Кызгалдак Жаксылыковна – преподаватель кафедры Декоративно-прикладного искусства КазНАИ им. Т. К. Жургенова, магистр педагогических наук.  
e-mail: Tulakbaeva76@mail.ru  
Магзумов Максат Мукамжанович – преподаватель кафедры Декоративно-прикладного искусства КазНАИ им. Т. К. Жургенова, магистр педагогических наук.  
e-mail: Tulakbaeva76@mail.ru

**Author's data:** Plakbaeva Kyzgaldak Zhaksylykovna – Lecturer of the department at "Decorative art" the T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts Master in Pedagogical Sciences.  
e-mail: Tulakbaeva76@mail.ru  
Magzumov Maksat Mukamzhanovich – Lecturer of the department at "Decorative art" the T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts Master in Pedagogical Sciences.  
e-mail: Tulakbaeva76@mail.ru

**Автор туралы мәлімет:** Тулақбаева Қызғалдақ Жақсылықызы – Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы Сәндік қолданбалы өнер кафедрасының оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі. e-mail: Tulakbaeva76@mail.ru  
Мағзумов Мақсат Мұқамжанұлы – Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы Сәндік қолданбалы өнер кафедрасының оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі.  
e-mail: Tulakbaeva76@mail.ru